

Е. Н. Бұхарбаев, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

**Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарындағы
тыңдаушылар мен курсанттарды
жедел-тактикалық оқу жаттығуға даярлаудың кешенді құрамды бөлігі**

Аннотация. Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарында оқитындардың қызметтік мәселелерді шешкен кезде тәжірибелік іс-әрекеттерді қолдану дағдысын және де кәсіби-іскерлік қасиеттерін қалыптастыру үшін жедел тактикалық оқуларды қолданған жөн. Жедел-тактикалық оқу ПО-ның болашақ қызметкерлерін дайындау кезінде маңызды орын алады және практикалық білім берудің тиімді нысаны болып табылады.

Түйін сөздер: Жедел-тактика, курсанттар, жедел-қызметтік.

Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымының басты мақсаты — ПО-ның біліктілігі жоғары кәсіби мамандарды дайындау. Қазіргі уақытта оқу-тәрбие процесінің басты бағыты болып тыңдаушылар мен курсанттарды тәжірибелік бағытта оқыту. Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарында оқитындардың қызметтік мәселелерді шешкен кезде тәжірибелік іс-әрекеттерді қолдану дағдысын және де кәсіби-іскерлік қасиеттерін қалыптастыру үшін жедел-тактикалық оқуларды қолданған жөн. Жедел-тактикалық оқу ПО-ның болашақ қызметкерлерін дайындау кезінде маңызды орын алады және практикалық білім берудің тиімді нысаны болып табылады [1].

Берілген оқу кешенді болып табылады, өйткені оларды жүргізу барысында тыңдаушылар мен курсанттарда пәнді оқу кезінде белгілі бір дағды, білім қалыптастырып, кешенді жедел-қызметтік және қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларды орындайды. Мамандарды дайындауда үлкен жетістіктерге жету үшін пәнаралық кафедралармен жедел-тактикалық оқуды ұйымдастыратын қатысушылармен өзара байланыс болуы қажет.

Жедел-тактикалық оқу келесі мақсаттарда қолданылады:

- тыңдаушылар мен курсанттардың оқуы кезінде тәжірибелік бағыттарды күшейту;
- Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарының түлектерінің дайындық сапасын анықтау.

Жедел-тактикалық оқудың негізгі функциялары болып:

- тыңдаушылар мен курсанттарда жедел-қызметтік және қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларды шешу үшін бағытталған дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру;
- бағынысты бөлімдерді басқару бойынша басшылық етудің дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру.
- тыңдаушылар мен курсанттарда кез келген жағдайда тапсырмаларды шешу үшін жоғарғы моральді-этикалық қасиеттерді, психологияны, ерік білдіргіш пен тапқыштық қасиеттерді қалыптастыру.

Жедел-тактикалық орудың басты әдісі болып шындыққа сәйкес келетін жедел қызметтік тапсырамалар, тәжірибелік бағыттағы тапсырмалар. Оруды ұйымдастыру мен жүргізу кезінде арнайы талаптар сақталса, жедел-тактикалық орудың мақсаттары орындалады.

Жедел-тактикалық оқуға қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады:

- жеке құрамды рухани, кәсіби және физикалық тұрғыда қойылған тапсырмаларды шешуге тәрбиелеу;
- тыңдаушылар мен курсанттарға шындыққа сәйкес кез келген жағдайды қалыптастырып, қызметтік тапсырмаларды шешуді үйрету;
- нақты жедел қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларды шешуде үнемі дайын болуға жағдай жасау;
- оқуда үлгілік қағидасын ұстану.

Жедел-тактикалық оруды 4 кезеңде өткізген жөн:

1-ші кезең — тыңдаушылар мен курсанттар қатарынан жедел штабты құрастыру, жалпы және жеке жағдайындағы профилактикалық шараларды өткізу жоспарын құру;

2-ші кезең — жедел-тактикалық оруды ұйымдастыратын штабтың арнайы операцияны өткізуге арналған шешімін қалыптастыру;

3-ші кезең — төтенше жағдайлардың алдын алу және қызмет көрсететін аймақтың жедел жағдайын нормалау мақсатында арнайы шараларды өткізу;

4-ші кезең — арнайы операцияның қорытынды құжаттарын дайындау (жауынгерлік бұйрық, сұлба-жоспары, жағдайға баға беру, тапсырмаларды нақтылау, шешім қабылдау т. б.) [2]

Жедел-тактикалық оруды дайындаған кезде жедел тапсырмаларды, материалдық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды өзіне қосады.

Жедел-тактикалық оруды өткізу — ол жетекшілерді, тыңдаушыларды және курсанттарды дайындау және де ұжымдарды материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету.

Оқулық сұрақтарды шешу жетекшінің жедел уақытты жариялаудан басталады. Содан кейін тыңдаушылар мен курсанттар арасында жедел штабтың лауазымды тұлғалардың рөлдері бөлінеді.

Тыңдаушылар мен курсанттарға жедел-қызметтік тапсырмаларды өзі орындап, шешім қабылдауға мүмкіндік беріледі.

Оқулы ойынды жедел штабтың тәжірибелік оқу негізіне командалық штабтық оқу және штабтық жаттығулар элементтері кіруі тиіс.

Жедел-тактикалық оқу тыңдаушылар мен курсанттардың кәсіби қасиеттерін, білімін, дағдыларын бағалау үшін және алған білімдерін бекітудің соңғы кезеңі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 . «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ // www.online.zakon.kz
- 2 . «Арлан» арнайы мақсаттағы бөлімше туралы» үлгі ережесін бекіту туралы 2006 жылғы 6 шілдедегі № 336 бұйрығы // adilet.zan.kz